

ПОДСЕКЦИЯ 5.3 ПУТИ РАЗВИТИЯ СТРАН ВОСТОКА: ПРОШЛОЕ И НАСТОЯЩЕЕ

УДК 332

АРАБ ХАЛИФАТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ҚҰРЫЛЫМ

Адайханқызы Нұршат
nurshat17xo@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті
Шығыстану кафедрасының 2 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Ильясова З.С

Араб халифаты өзінің күшімен және мемлекеттілігімен танымал ортағасырлық империя ретінде 2 кезеңде билік құрды.

1. Омейядтар әулеті (661–750), «Дамаск кезеңі» деп те аталады.
2. Аббасидтер әулеті (750-1258). Бұл тарихи кезең ортағасырлық араб мемлекеттілігінің қалыптасу және гүлдену кезеңі ретінде белгілі болды.

Омейядтардың 661 жылы билікке келуі саяси, экономикалық, әлеуметтік реформалардың жүргізілуін қажет етумен басталды. Бұл өз кезегінде ірі жаулап алу саясаты қарқынды жүргізіліп, мемлекет шекараларының күрт ұлғаюымен байланысты еді. Көлемі бойынша орасан зор халифат сәйкесінше орталықтан басқаруды талап етті.

И.М. Фильштинский айтуынша, Исламның пайда болуы кезінде Мұхаммед және оның сахабаларында мемлекеттік басқарудың қалай ұйымдастырылуы және оның қалай жұмыс істеуі керектігі туралы идеялар бәдәуи тайпалық құрылымының дәстүрлерімен шектелген. Ол сондай-ақ билік басына келген Омейядтар қызметі алғашқы қадамдарынан-ақ басқару аппаратын құруға мәжбүр болғанын атап көрсетеді. Әрине, үлкен араб-мұсылман империясының пайда болуымен мемлекеттік билікті ұйымдастыру туралы ескі патриархалдық идеялар жеткіліксіз болды.

Омейядтар әулеті Суфьянидтердің (661 - 684 жж.) және Маруанилердің (684 - 750 жж.) екі тармағынан тұрды. Суфьянидтер мемлекетті басқару жүйесін исламға дейінгі қарапайымдылықпен қалдыруға тырысты. Бірақ, Муавия I елді басқаруда өзгерістер енгізе бастайды. Оның тұсында Дамаск жаулап алынған уәлаяттарды халифа тағайындаған губернаторлар арқылы басқарды. Ол кезде Сирияда Византия мен Сасанидтік Ираннан қалған жақсы жұмыс істейтін әкімшілік болды. Басқару механизмін бүкіл империяға тарату іс жүзінде мүмкін емес еді, өйткені арабтарда мемлекеттің барлық функцияларын меңгеру тәжірибесі болмады. Фильштинскийдің пікірінше, Муавия I орнатқан билік діни де, монархиялық та болған жоқ. Оның билігі – исламға дейін билігін кеңейтіп, күшейткен тайпа көсемінің билігі болды. Экспансияға түскен елдердің мәдениеттерінің бір-бірінен айырмашылық тұстары болғандықтан мұсылман билеушілері Шығыста ирандық басқару әдістерін, ал Андалусияда олар тіпті феодалдық Батыс Еуропадағы кейбір басқару үлгілерін исламдық терминдермен қалыптастырып қолданды. Халифа билігінің негізгі құралы бұрынғы кездегідей ол жинаған «шұра» (ақсақалдар кеңесі) және «уфууд» (тайпалық шейхтердің делегациялары) болып қала берді. Осылайша, омейядтар алғашында ежелгі араб тайпалары үшін дәстүрлі билік формасын жаңа тарихи жағдайларға байланысты оны біршама өзгерте отырып қабылдады. Бірте-бірте I Муавия азаматтық соғыс нәтижесінде қатты зардап шеккен саяси және экономикалық тұрақтандыруға қол жеткізді.

Провинциялардан салықтардың төленуін қатаң қадағалай отыра, табыстардың өсуіне қол жеткізді, нәтижесінде мықты жабдықтанған әскер құрды. I Муавия қызметін зерттей келе, ол араб жаулап алулары мен араб-мұсылман империясының кеңеюі кезінде туындаған мәселелерді шешу үшін ежелгі араб саяси формаларын бейімдеуге тырысты деген қорытындыға келуге болады. Орталық билікті нығайта отырып Муавия I әкімшілік басқарушыларға билікті көбірек беруге мәжбүр болды. Бұл жаулап алған аумақтарда оның өз қалауынша әрекет ету құқығын шектеді, бірақ сонымен қатар тайпалардың жергілікті билеушілерге бағынуын көздейтін империялық сипаттағы билік құрылымын өзгертуге көмектесті. Осы тұста I Муавия провинцияларға әскери әмірлерді тағайындау құқығын ғана сақтап қалды.

Араб халифаты империясының мемлекеттік құрылымы феодалдық теократиялық (құдайға сенімге негізделген) монархияның үлгісі болып табылады. Сөйтіп, басқару мен билік құрылымы билеуші діннің қағидаларына бағындырылды. Билеуші Мұхаммед қайтыс болғаннан кейін араб мемлекетін халифа лауазымындағы адам басқарды. Билеушілерді мұсылман қауымы сайлады, ал халиф өзінің мұрагерлерін атауға құқылы болды. Халиф өзінің барлық іс-әрекетінде қасиетті Құран кітабының нұсқауларын орындауы керек еді. Биліктің 2 түрі: әмірлік (зайырлы) және имамат (рухани). Халиф әскердің бас қолбасшысы бола отырып, әскери жорықтарға қатысып, кадрларды орналастыруға және жоғары эшелондағы адамдарды тағайындауға белсене қатысты. Империяның кеңеюі және мемлекетте жаңа биліктердің пайда болуы барысында халиф билігінің негізінде жатқан мемлекеттік аппарат күрделене түсті. Омейядтар әулеті кезінде мемлекеттік жүйе қайта қаралып, қайта құрылды. Сөйтіп, оған тек арабтар еніп, іс қағаздары мен құжат айналымы тек халықаралық араб тілінде жүргізілді.

Сот және атқарушы билік бір-бірінен тәуелсіз болған жоқ. Осы екі саладағы жоғарғы билікті халиф басқарды және оның билігін беру арқылы бағынышты лауазымды тұлғалардың көп бөлігі өздерінің әкімшілік міндеттерінің аумақтық немесе функционалдық шегінде сот құзыретіне ие болды. Губерниялық билеушілер, әскери қолбасшылар, қазынашылар, базар инспекторлары, тіпті су құбырының қызметкерлері де өз салаларында сот билігін жүргізді. Полиция (شرطة) сол кездегі қылмысты тергеу, қамауға алу, соттау және өз құзыретіне кіретін қылмыстар үшін жазалау істерінде биліктің әртүрлі аспектілерін біріктірудің ең жақсы үлгісін көрсетті. Алайда, жеке сипаттағы дауларды шешу қадиге (قاض) жүктелген ерекше міндет болды. Қадилер жалпы сот құзыретіне ие бола бастады, ол мемлекеттің екінші дәрежелі әкімшілік бірліктеріне тарады, ал Омейядтар дәуірінің соңында олар құқықты реттейтін орталық органға айналды. Алайда Қадилер ешбір мағынада тәуелсіз әділет орталығы болмады, өйткені олар қабылдаған шешімдер оларды тағайындаған жоғары саяси күштің қарауында болды және олар өз шешімдерін қабылдауда жоғарғы соттың қолдауына толығымен тәуелді болды.

Марванидтер тұсындағы елеулі жаңалықтардың бірі – әскер билеушісінің қызметінде болған тұрақты жасақтың құрылуы. Сирия әскері императорлық жасаққа айналып, халифаттың саяси және әлеуметтік өмірінде, провинциялардағы тәртіпті сақтауда және жаңа жаулап алу жорықтарын ұйымдастыруда барған сайын үлкен рөл атқара бастады. Дамаскідегі басқарма орталығы жалпы империялық құрылымды құрайтын үлкен шенеуніктер корпусынан құралды. Муавия I негізін салған «Диуан әл-хатам» (ديوان الختام) Абд әл-Мәлік тұсында мемлекеттік мұрағаттар бөліміне дейін кеңейтілді. Сондай-ақ Муавияның тұсында мен «Диуан ар-расаил» (ديوان الرسائل) пайда болды, оның функцияларына шеткі аймақтардағы орталық үкімет пен жергілікті билік арасындағы барлық іскерлік хат-хабарларды құрастыру және жіберу кірді. Бірақ, ең маңызды департамент Муавия I құрған провинциядан түсетін барлық салықтарды жинауға жауапты диуан болды. Ол өз алдына қандай да бір қазыналық қор болды, және оған ерекше назар аударылды. Халифаттың

мемлекеттік басқару құрылымындағы орталық органдары министрліктер – диуандар (ديوان) болды. «Диуандарды» немесе заманауи тілде министрліктерді уәзір басқарды: әскери, экономикалық, қаржылық, жер есебі, мемлекеттік меншік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және т.б.

Мемлекеттік аппараттың нақты құрылымы:

- Әскери департамент (ديوان ال جيش). Оның құрамына Әскери шығыстар палатасы (ديوان التكرير) және әскер жинауға арналған палаталар (ديوان المقابلة) кірді. Кейбір әскери құрамалар, мысалы, құтқарушылар және провинциялардағы әртүрлі отрядтар бөлек басқарылды (бу'ус).

- Шығындар бөлімі (ديوان النفقة) негізінен сот қажеттіліктеріне арналған. Бұл бөлім бірнеше құрылымдарды қамтиды:

- жалақы палатасы (мажлис әл-жари) – негізгі сот қызметкерлеріне жалақы төлеу (хашам);

- жылқыларға, сондай-ақ мемлекет есебінен ұсталатын жануарларға жем-шөппен қамтамасыз ету үшін төлейтін жем-шөп палатасы. Күзетшілерге, құрылысшыларға, сәулетшілерге, ағаш ұсталарына, суретшілерге, алтыншыларға жалақы бөледі;

- төтенше істер палатасы (мәжіліс әл-хауадис);

- құжат әзірлеу палатасы;

- Мемлекеттік қазына (ديوان بيت المال), шығыстар бөлімі мен Ішкі Істер министрлігі арасындағы бақылау органы болды.

- Әскери диван (ديوان الجند) – бүкіл қарулы күштерге жауап берген ведомство. Диуан жалдамалылар мен жасақшылардың тізімдерін жасауды, қызметкерлерге жалақы тағайындауды және ұзақ мерзімді қызмет үшін жер бөлуді бақылап отырды. Әскер халифаттағы ең маңызды рөлдердің бірін атқарды, өйткені территория үшін қанды соғыстар үнемі жүргізіліп отырды. Қолбасшы болу беделді атақ болды, өйткені олар қызметтері үшін жер телімдерін (إقطاع) алған.

- Қаржы және салық диваны (ديوان الخراج) – бөлім империяның барлық қаржылық мәселелерін, соның ішінде есеп жүргізу мен салықтарды жинауды, қазынаның кірістері мен шығыстарын бақылауды, бюджетті құруды басқарды. Омейядтар кезеңінде салық төлемегені үшін түрмеге түсу мүмкін болды.

- Тәркілеу кеңселері (ديوان المصاادرة). Тәркілеуге жіберілгендердің төлем тапсырмалары екі данада шығарылды - біреуі бөлімге, екіншісі уәзірге жіберілді.

- Құжаттарды өңдеу кеңсесі. Шығыста ол диван әл-раса' ил, ал Фатимидтер Египетте диуан әл инша деп аталды.

- Почталық диуан (ديوان البريد) – мемлекеттер арасындағы хат тасумен, халықтың ұсынысын басшыға жеткізумен айналысатын ведомство. Оның міндеттеріне сонымен қатар жолдарды төсеу және жөндеу, логистикалық және қалалық инфрақұрылымды басқару кірді. Билік басындағылар мемлекеттік маңызы бар хабарламалар жіберумен қатар, Бағдадқа экономиканың жағдайы, ақша жүйесі, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік жағдай, басқару сапасы және т.б. туралы есеп берді.

Халифтер билікті мүмкіндігінше орталықтандыруға әрекет етті, бұл басқа нәрселермен қатар ұлттық араб тілін енгізуде де көрініс тапты. Абд әл-Малик билікке келгенге дейін салық мекемелеріндегі барлық іс қағаздары жергілікті тілдерде (Дамаскте грек тілінде, Египетте копт тілінде, Куфада және шығыс провинцияларда Пехлеви тілінде) жүргізілді. Оны ескі жергілікті бюрократия басқарды. Араб билігі салықты көбейтуді көздегенде ғана кеңсе жұмысына араласып отырды. Абд әл-Малик бірте-бірте іс жүргізуге араб тілін енгізді, бұл араб әскери басшыларына қаржы бөлімдерін бақылауға мүмкіндік берді. Абд әл-Мәлік пен Уәлид тұсында императорлық әкімшілікке ортақ араб тілін құруға

халифаттың барлық провинцияларында біртұтас ақша жүйесінің енгізілуі ықпал етті. Е.А. Беляев пікірінше, мұндай жағдай халифаттың жекелеген елдері арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың дамуының көрсеткіші болып табылады.

Араб халифатының мемлекеттік құрылымы туралы айта отырып, арабтар жаулап алған және Омейядтар билеген жерлер провинцияларға бөлінгенін және әрбір провинция халифа тағайындаған әмірдің бақылауында болғанын айта кеткен жөн. Тікелей халифаның билігінде қалған Сирия мен Иракты былай қойғанда, Халифаттың барлық басқа аймақтары үш бөлікке бөлінді: Мысыр мен оған тәуелді Солтүстік Африка аумақтары, Куфа және Шығыстағы оған тәуелді аумақтар және Басра. Сондай-ақ Маруанилер тұсында провинциялық әкімшіліктің басшысы ретінде қолбасшыларды пайдалану үрдісі басым болды. Әл-Хаджж әскери қызметтен өтіп ең жоғары мемлекеттік шенеунік болғанына мысал бола алады. Жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды жасауға болады: Маруанидтер әулетінің гүлденуімен орталық билік айтарлықтай күшейіп, оның орнатқан режимі әміршіл сипатқа ие болды. Халифаттағы өмір сүру жағдайлары және таза прагматикалық көзқарастар билеуші әулет мүшелерін мүмкіндігінше зайырлы саяси билікті қамтамасыз етуге ұмтылуға мәжбүр етті.

Омейядтар кезеңінде болған өзгерістер қатары: Барлық жаулап алынған жер халықтың ұжымдық меншігі, ал басқа ұлт өкілдерінің төлейтін жер салығы халифаның қарауына түсіп отырды. Мұсылман әскерилері әдеттегіден көп жалақы ала бастады, бұл орта таптың азаюына әкелді. Осы және басқа да әлеуметтік-саяси факторлар кейіннен мұсылман қауымының шиит, сүннит діни ағымдарына бөлінуіне себеп болған VII ғ. 50-90 жылдардағы халифат ішіндегі ұзақ мерзімді азаматтық соғыстарға әкелді. Жерге иелік ету мәселесі маңызды болды. Мемлекет халифаттың барлық жерінің жоғарғы иесі болды (формальды түрде Алла иесі болып саналды, оның атынан халифа бәрін басқарды). Іс жүзінде жерлер әмірліктер мен олардың билік аппаратының иелігінде болды. Жер иеленудің бірнеше категориялары болды. Ең кең тарағаны – *харадж* немесе үшір түрінде қазынаға жалдау салығы төленіп, мемлекет жерлеріндегі қауымдық жер меншігін иелену болды. Үшірді жеке иеліктен шығарылатын жерлердің (мулк) иелері де төледі - айырмашылық иеліктен шығару құқығында болды. Сауафи жерлері (бұл билеушілер үйі мүшелерінің, оның ішінде халифаның өз иелігі) және вакфтар (діни мекемелердің жерлері) салық салынбады, бірақ иеліктен де шығаруға рұқсат болмады. Жауынгерлердің, кем дегенде, олардың кейбіреулерінде салық салынбаған жерлері – катия болды. Мүлік жерлерінің бір бөлігі егіннің жартысына дейін жер иесіне төленіп, жалға берілді, бірақ сонымен бірге жер иесі қазынаға салық төлеп отырды.

Омейядтар әулетінің билігі кезінде арабтандыру процесі айтарлықтай белсенді түрде жүріп жатты. Жоғарыда айтылғандай, араб тілі барлық жерде іс жүргізуге енгізілді, араб мәдениеті өркендеді, барлық провинцияларда біртұтас ақша жүйесі енгізілді;

861 жылы халифа әл-Мутауаккил өлтірілгеннен кейін он жыл халифатта империяның саяси өмірінде түркі үстемдігінің уақыты келді. Мемлекеттегі тыныштық пен халифтердің өз қауіпсіздігі іс жүзінде үкіметтің түркі сарбаздарына жалақыны дер кезінде төлеу мүмкіндігіне байланысты болды. Қолма-қол ақша үкіметтің ағымдағы шығындарын жабуға, оның ішінде әскердегі жалақыны төлеуге жеткіліксіз болды. Осы кезеңде әскерді ұстауға жұмсалған шығындар ақшалай салық түсімдерінің сомасынан шамамен екі есе асып түсті. Бұған тікелей дәлелді тарихшы әт-Табариден табуға болады, ол әскерге кететін шығын 2 миллион динарды құрағанын және бұл хараждардың мемлекеттегі табысынан екі есе көп екенін атап көрсеткен. Әскерлерді ұстауға жұмсалған шығындар сомасы салықтың ақшалай бөлігінің түсімдерімен салыстырылған. Аббасидтер дәуірінде жаулап алу соғыстарының іс жүзінде тоқтатылуына байланысты үкіметтің әскери шығындарды қамтамасыз ету мүмкіндігі Омейядтар кезеңімен салыстырғанда төмендеді, өйткені

соғыстан түскен олжа да әскер үшін маңызды табыс көзі болды. Қазынада қаражаттың жоқтығына қарамастан, жауынгерлер жорықтарда мол олжаға сеніп, қызметін жалғастырған жағдайлар бар. 705 жылы Бадғисқа қарсы жорық кезінде әрбір жауынгер 800 дирхам алғаны. Осылайша, Аббаси халифалары салық түсімдерінің бұрынғы деңгейіне қарамастан, Омейядтарға қарағанда әскерге жұмсалатын қаражатта шектеулі болды. Халифа әл-Му'тамидтің (870–892) таққа отыруымен Аббаси халифтері мен түркі жауынгерлерінің үстемдігі жалғасып жатқан әскер арасындағы қарым-қатынаста жаңа кезең басталды. Тоғызыншы ғасырдың аяғында арнайы жер қоры белгіленді, ол иктас әл-визара деп аталады, салықтар орталық үкіметтің жұмысын қамтамасыз етуге жіберілді.

Аббаси халифатының жаңа билеушілерінің мәдени саясатының бірнеше ерекшеліктері бар: өздерінің көпұлтты мемлекетінің субъектілеріне деген көзқарастарын өзгертті, исламды да, басқа діндерді де ұстанатын этникалық топтарға қысым көрсетпеді. Сыртқы жаулап алулардан бас тарту елдің мәдени дамуының жоғарылауына әкелді, қалалардың салынуына, сәндік-қолданбалы өнердің дамуына ықпал етті.

Аббасид халифаты Азиядағы қазіргі араб елдерін, Орталық Азияның бір бөлігін, Египеттің, Иранның, Солтүстік Африканың және Үндістанның аумақтарын қамтыды. 945 жылы халифатты Буидтер жаулап алғанға дейін ол дербес саясат жүргізді. 1055 жылы Бағдадты селжұқтар басып алғаннан кейін Аббаси халифтері астанаға іргелес аймаққа ғана иелік етті. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі дінге байланысты: зиммилер (мұсылман еместер) мен мұсылмандардың мемлекеттегі құқықтары мен мәртебесі әртүрлі болды. Араб халифатының жергілікті әкімшілігі орталықтандырылған негізде салынды. Әрбір провинцияда әскери күштер шоғырланды, кез келген уақытта қоғамдық тәртіпсіздіктерді тоқтатуға немесе жау шапқыншылығына тойтарыс беруге дайын әскери округ болды.

Аббасидтер тұсында, бұрынғы Омейядтар кезіндегідей, үш өкілдің артықшылығы бар деп саналды: әскерилер, діни қызметкерлер және егіншілер, еркін шаруалар. Егер Омейядтар тұсында қала тұрғындары – қолөнершілер мен саудагерлер – бұл иерархияда өлшеусіз төмен деңгейде болса, Аббасидтер тұсында жағдай біршама өзгерді – бұрынғыдай шетелдіктерге ғана емес, өз халқына да қолдау көрсетілді.

Омейядтар тұсында билеушілер егіншілерге салынатын салық жүйесін бірте-бірте қатайтты. Салық жүйесіндегі бұл жаңалықтар белгілі бір уақыт ішінде мемлекет экономикасының, оның қуатының нығаюына ықпал етті. Бірақ алым-салықтан жаншылған шаруалар қалаларға қаша бастады, ал басқа конфессиялардың өкілдері аз мөлшерде салық төлеу үшін ислам дінін қабылдай бастады. Елде ауыл шаруашылығы құлдырап кетті. Нәтижесінде қазына кедейленіп, губернатор Хаджадж 700 жылы, тіпті мұсылман дінін қабылдаудың өзі мемлекет қазынасына салық шегерімдерін төлеуден босатпайды деген жарлық шығарды. Жауап алынған жерлердің байырғы тұрғындарының ислам дінін қабылдауға құлықсыздығы, елде толқулардың басталуына алып келді, Омейядтардың беделі шайқалды. Халифа Омар II тарихи әділеттілікті қалпына келтіріп, жаңа тәртіпті жойғанымен, оның мұрагерлері Хаджаж заңына қайта оралды. Дәл осы фактор қолбасшы және әмірші Әбу Муслимге Аббасидтер үшін жеңіске жетуге мүмкіндік берді.

Қорытындылай келе: Омейядтар тұсында жаулап алу соғыстарының қарқынды жүргізілуі нәтижесінде араб халифатына орасан зор жаңа иеліктер қосылды. Ал Аббасидтер тұсында ішкі экономиканың, мәдениет, білім мен ғылымның дамуына көңіл аударды. Аббаси билеушілерінің Омейяд басшыларынан айырмашылығы: Аббасидтер билігі кезіндегі жоғарғы билік өзінің сипатын күрт өзгертті: халиф мұсылман әскерінің басшысы болуды тоқтатты - ол бүкіл мұсылман қауымының басшысы болды, онда дін адамның этникалық шығу тегіне қарағанда әлдеқайда маңызды болды. Дәл осы кезеңде тегі араб емес көптеген мұсылмандар мемлекетте жоғары лауазымдарға ие болды. Ал бүкіл Аббаси халифатында ұлттық мәдениеттердің өркендеп, қайта жандану үрдісі байқалды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Государственный строй в период правления аббасидов [Электронды ресурс] // <https://cyberleninka.ru/article/n/gosudarstvennyy-stroy-v-period-pravleniya-dinastii-abbasidov/viewer> // [Дата обращения 12.03.22]
2. Адам Мец. Мусульманский ренессанс, // <https://avidreaders.ru/book/musulmanskiy-renessans.html> // 1973, с. 71; [Дата обращения 12.03.22]
3. Беляев Е.А. Арабы, ислам и Арабский халифат в ранне средневековье / Е.А. Беляев. – М.: Наука, 1966. – 280 с. [Дата обращения 12.03.22]
4. Е.Н.Тамразова. Особенности функционирования государственной власти в арабском халифате в период правления династии Омейядов [Дата обращения 17.03.22]
5. Большаков О.Г. История Халифата 1. Ислам в Аравии 570-633 / О.Г. Большаков. – М.: Наука, 1989. – 220 с. [Дата обращения 27.03.22]
6. Сюкияйнен Л.Р. Мусульманское право: вопросы теории и практики. М., 1986.- 230с [Дата обращения 27.03.22]
7. Хачим Ф.И. Исламские концепции государственной власти. М., 1998. – 309 с [Дата обращения 27.03.22]
8. Фильштинский И.М. «Халифат под властью династии Омейядов». М., 2005. – 232 с. [Дата обращения 27.03.22]

УДК: 316:314.74

ТЕОРИЯ МУЛЬТИКУЛЬТУРАЛИЗМА В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОСТИ

Айдарова Аружан Әділханқызы

kimharu02069800@gmail.com

Студент 4 курса Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан

Научный руководитель - Б.Ж. Абжаппарова

С незапамятных времен люди были крайне озабочены своей идентичностью, и научились сплочаться друг с другом ради достижения общих целей и защиты. Со временем укоренилось фундаментальное понятие о том, что кто-то для кого-то есть “свой”, а кто-то “чужой” - тот, что не принадлежит местной общине и, следовательно, представляет внешнюю угрозу. Этот принцип сохранялся веками и настолько стал частью нашей повседневной жизни, вскоре породив несколько ключевых теорий и понятий в современной социологии и политологии. Термин “Мультикультурализм” обсуждался еще с конца 20го века, когда ученые лишь догадывались и предвещали скорые изменения в обществе по всему миру. Их размытое понятие о единстве человечества в целом было очень схоже той реальностью, с которой мы столкнулись сейчас. Многие нынешние исследователи мультикультурализма (Ф. Барт, Д. Грей, Б. Парек), среди которых немало отечественных профессоров из стран СНГ (Л. И Бабич, О. В. Родионова, А. Куропятник, Т. Мамонова) убеждены, что мультикультурализм - ничто иное, как система стабилизации социума по принципу повышения культурного многообразия среди представителей разных национальностей. Разумеется, все упомянутые меньшинства должны быть равны между собой, что придает данному определению немного утопический характер [1.1]